



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 25 мамыр

Базалық мөлшерлеме Қазақстандағы ақша құнының негізгі индикаторы болды –

А. Ахметов

Ұлттық Банк жұмысының негізгі басымдығы ақша нарығындағы нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қалыптастыруға бағытталған. 2016 жылы Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 17%-дан 12%-ға дейін жоспарлы түрде төмендетті. Бұл туралы бүгін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары А. Ахметов Парламент Сенатында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол сондай-ақ инфляцияның 8%-дан төмен деңгейде тұрақтануы Ұлттық Банкке 2017 жылғы 21 ақпаннан бастап базалық мөлшерлемені 12%-дан 11%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік бергенін атап өтті. Жыл бойы ақша нарығының таргеттелетін мөлшерлемелері пайыздық дәліз (базалық мөлшерлемеден +/- 1%) шегінде болды, - деді А. Ахметов.

Бүгін ҚР Парламентінің Сенатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептері қаралды, оған ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов қатысты.

Айырбастау бағамы объективті факторларға сәйкес келеді және біздің өндірушілеріміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді – А. Ахметов

Валюта нарығында 2016 жылы салыстырмалы тұрақтылық байқалды және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 2%-ға нығайды – деді ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары ҚР Парламентінің Сенатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептерін қарау жөніндегі отырысында сөз сөйлеген кезде.

«Тұтастай алғанда, айырбастау бағамы объективті факторларға сәйкес келеді және біздің өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді» - деп атап өтті А. Ахметов. Ол сондай-ақ «мұның барлығы Ұлттық Банктің валюта нарығына араласуынсыз орын алып отырғанын» хабарлады. «Біз 2016 жылғы қыркүйектен бастап өктемдік жүргізбейміз» - деп атап өтті ҚР Ұлттық Банкі басшысының орынбасары.

Теңгемен депозиттер өсуде – Ұлттық Банк

2016 жылы ұлттық валюта теңгенің жинақтау, есеп айырысу және активтердің құнын өлшеу құралы ретіндегі рөлінің артуында айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары А. Ахметов бүгін ҚР Парламентінің Сенатында сөз сөйлеген кезде хабарлады. Ол кейбір деректерді келтіріп, 2016 жылы теңгемен депозиттер 3,3 трлн. теңгеге (66%-ға өсу) өскенін, шетел валютасымен депозиттер 1,1 трлн. теңгеге (10%-ға) төмендегенін хабарлады.

Депозиттердің долларлану деңгейі бір жылда тарихи ең жоғары 70%-дан 55%-ға дейін төмендеді – деп атап өтті ол. Қаржы реттеушісінің өкілі 2017 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша теңгемен депозиттердің валюталық депозиттерден 48,8%-бен салыстырғанда 51,2%-ға артқаны байқалғанын айтты.

Валюта нарығындағы тұрақтану және Ұлттық Банктің теңгедегі құралдардың тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар валюталық депозиттердің деңгейін төмендетуге ықпал етті – деді А. Ахметов.

2016 жылы ақша нарығында теңгемен өтімділіктің құрылымдық профициті байқалды – Ұлттық Банк

Бұл жөнінде бүгін ҚР Парламентінің Сенатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2016 жылғы республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептердің таныстырылымы қамтылған баяндамасында ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов хабарлады.

Қаржы реттеушісі өкілінің айтуы бойынша, инфляцияға және айырбастау бағамына қысымды шектеу үшін Ұлттық Банк айналыстағы көлемі 2016 жылдың соңында 2,5 трлн. теңгеге жеткен қысқа мерзімді ноттарды шығара отырып, теңгедегі өтімділікті алды. А.Ахметов Ұлттық Банктің ноттары отандық қаржы ұйымдары тарапынан ғана емес, сонымен қатар бейрезиденттер тарапынан да сұранысқа ие болғанын атап өтті, бұл айырбастау бағамы саясатының дұрыс таңдалғанын және пайыздық мөлшерлемелердің барабарлығын дәлелдейді. Ол ноттарды шығару кірістілік қисығының қысқамерзімді бөлігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді құрал болғанын атап өтті.

Сонымен қатар, ҚРҰБ Төрағасының орынбасары хабардар еткендей, ортамерзімді кезеңде кірістілік қисығын ұзарту мақсатында, 2016 жылғы қараша-желтоқсанда Ұлттық Банк қайталама нарықта Қаржы министрлігінің айналыс мерзімі 2 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімі бар мемлекеттік бағалы қағаздарының бұрын жарияланған көлемін сатты. «Кірістілік қисығы ішкі нарықта қарыз алу мерзіміне байланысты ақша құнының бағдары болып қызмет етеді. Пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық құрылымы болжанады және нарық қатысушыларының күтулеріне барабар қалыптасуда», – деп қорытындылады А.Ахметов.

Банктердің экономикаға кредиттерінің көлемі 2016 жылы 12,7 трлн. теңгеге дейін 0,3%-ға ұлғайды

Аздаған өсу көрсеткіштеріне қарамастан кредиттеу саласында біршама құрылымдық өзгерістер болды. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А. Ахметов бүгін ҚР Парламентінің Сенатында ақша-кредит саясаты туралы баяндама жасаған кезде хабарлады.

Қаржы реттеушісі өкілінің ақпараты бойынша шағын бизнесті кредиттеу 3,0 трлн. теңгеге дейін 45,7%-ға 942 млрд. теңгеден астам ұлғайды. Кредиттеу өңдеу өнеркәсібінде (12 ай ішінде 197,5 млрд. теңгеге), ауыл шаруашылығында (21 млрд. теңгеге), сауда-саттықта (28,7 млрд. теңгеге) жанданды.

Сондай-ақ, А. Ахметов хабарлағандай, жаңадан берілген кредиттер көлемі 2015 жылғы осындай көрсеткіштен 5,2%-ға асып кетті және 9,8 трлн. теңге болды. Кредиттер көбінесе (7,8 трлн. теңге немесе 78,9%) теңгемен берілді. Кредиттердің үштен бірінен астамы саудаға (39,4%), 19% – өнеркәсіпке, 4,3% – құрылысқа, 2,5% – ауыл шаруашылығына берілді. ҚРҰБ Төрағасының орынбасары сондай-ақ кредиттер бойынша

мөлшерлемелердің – 2016 жылғы қаңтарда 20,7%-дан 2016 жылғы желтоқсандағы 15,4%-ға дейін төмендегенін атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz